



Қаржы Вице-Министрі -  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Кедендік бақылау комитеті  
т ө р а ғ а с ы

---

## 1. Уақытша ереже

1.1. Осы технологияда темір жол транспортымен жөнелту бағыттары, вагондар, контейнерлер және ұсақ жөнелтілімдер арқылы тасылатын немесе сол үшін арналған тауарлар (материалдық құндылықтар) жүктер ретінде түсіндіріледі.

Осы Уақытша технологияның күші арнайы байланыстың вагондарымен, қол жүгі жөнелтілімдерімен тасылатын жүктерге, сонымен қатар жай қол жүгі мен азаматтардың қол жүгіне қолданылады.

1.2. Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін және одан тысқары әкетілетін барлық жүктер кедендік ресімдеуге жатады.

Кедендік ресімдеудің тәртібі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің қалыпты құжаттарымен анықталады. Кеден органдары мен темір жолдардың арасындағы өзара іс-қимылдың тәртібі осы Уақытша технологиямен анықталады. Уақытша технология сондай-ақ темір жол транспортымен тасылатын жүктерді кедендік ресімдеудің ерекшеліктерін белгілейді.

1.3. Жүктерді кедендік ресімдеудің тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 216-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

1.4. Жүктерді кедендік ресімдеу оларды уақытша сақтау қоймаларына (бұдан әрі УСК) орналастыру жолымен немесе кеден органының рұқсатымен осындай қоймаларға (кәсіпорындардың кірме жолдарындағы рұқсатпен) нақты орналастырмай-ақ жүргізіледі.

Темір жолдар бөлімшелерінің құратын уақытша сақтау қоймалары Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 95 ж. 16.10. N 145-П бұйрығына сәйкес жабдықталынуы тиіс.\*

\* Темір жол транспортының ерекшеліктері ескеріле отырып, кеден органдары осы уақытша сақтау қоймаларын жайғастыру мен жабдықтаудың жекелеген талаптарын қабылдамайды. Темір жол транспорты кәсіпорындарының құратын уақытша сақтау қоймаларында Кеден комитетінің 95 ж. 16.10. N 145-П бұйрығымен бекітілген Уақытша сақтау (уақытша сақтау қоймалары) туралы ережелерімен көзделген есепке алу жүйесінен ауытқуға жол беріледі.

1.5. Темір жолдар арқылы жүк тасымалдауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Кеден комитеті мен Көлік және коммуникация министрлігі бақылау мен басқарудың бірлескен автоматтандырылған жүйелерін ө н д і р е а л а д ы .

1.6. Кедендік ресімдеудің тәртібі өзгерген жағдайда Қазақстан Республикасының Кеден комитеті мен Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген тәртіппен осы Уақытша технологияға толықтырулар мен өзгерістерді бірлесе отырып жасайды және хабарлайды немесе жаңа технологияны жасайды.

## **2. Кедендік бақылаумен жүк тасымалдаудың шарттары**

2.1. Осы Уақытша технологияға кедендік ресімдеуі аяқталмаған (Темір жолдардың жөнелтпе құжаттарында 1-қосымшада көрсетілген мөртаңба қойылған) (N 4 мөртаңба) бір кеден органынан келесі кеден органына жүктерді тасымалдау кедендік бақылаумен, тасымалдауды жүзеге асыратын темір жолдардың жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Кеден органдары лауазымды адамдарының өздерінің құзыреті шегінде қабылдайтын шешімдері кедендік бақылаумен тасылатын жүктерге қатысты қабылдайтын шешімдері темір жолдар үшін міндетті болып табылады.

2.2. Кедендік бақылаумен жүк тасымалдау Жүк тасымалдау ережелеріне, тиісті Халықаралық жүк тасымалдары туралы келісімдерге сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығын, осы Уақытша технологияны сақтау жағдайында жүзеге асырылады.

2.3. Темір жолдарда жүктер күйі жүктердің сақталуын қамтамасыз ететін вагондар, контейнерлер (бұдан әрі тасымалдау құралдары) арқылы кедендік бақылау жолымен тасылды.

2.4. Жөнелтуші кеден органы жіберілген кеден органына тауарларды жеткізу мерзімін темір жолдың мүмкіндіктерін, тасымалдаудың белгіленген бағыты мен басқа да шарттарын ескере отырып, тасымалдаудың кәдімгі мерзімдеріне сәйкес, алайда бір айға 200 шақырым есебімен белгіленген шекті мерзімнен асырмай белгілейді.

Темір жолдар табиғи тозуы немесе тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі кемуінен өзгерулерді қоспағанда жүктер мен құжаттарды жіберілген стансаға жеткізуге және қызметі аймағында аталған станса орналасқан кеден органына жүкті жеткізу туралы хабардар етуге міндетті.

2.5. Темір жол транспорты арқылы кедендік бақылаумен жүктерді тасымалдау кезінде кеден төлемдерін төлеуді қамтамасыз ету талап етілмейді.

2.6. Темір жолдардың қызметкерлерінің жүк иелеріне кедендік бақылаумен

тасылатын жүктерді кеден органдарының рұқсатынсыз беруге құқылары жоқ. Темір жолдар Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығына сәйкес кедендік бақылаумен орналастырылған жүктерді кеден органдарының рұқсатынсыз бергені үшін жауапкершілікте болады.

### **3. Қазақстан Республикасының кеден аумағына жүктерді әкелу кезіндегі кедендік ресімдеудің тәртібі**

3.1. Қазақстан Республикасының кеден аумағына шет елдерден әкелінетін жүктерді кедендік ресімдеу шекаралық станса қызметкерлерінің кеден органы лауазымды адамдарына шет елден жүктің келгені туралы хабардар етуінен кейін басталады. Хабардар ету кеден органына тапсыру ведомосының немесе нақты парақтың (бұдан әрі тапсыру ведомосының) екі данасын, сонымен қатар тасымалдау және тауар алып жүру құжаттарын ұсыну нысанында білдіріледі.

Кеден органының лауазымды адамы тапсыру ведомосының екі құжатының оң жақтағы бұрышында үлгісі - 1-қосымшада (N 5 мөртаңба) келтірілген м ө р т а ң б а н ы қ о я д ы .

Тапсыру ведомосының бір данасы кеден органында егер осындай қосымша даналар келтірілген болса, кеден мақсаттарына арналған тауар алып жүру құжаттарының қосымша даналарымен бірге сақталады, ал басқа данасы станса қызметкеріне кеден органына тапсыру кезінде тапсыру ведомосына қоса тіркелген барлық құжаттармен бірге қайтарылады.

3.2. Кеден органдарының лауазымды адамдары тапсыратын шекаралық станса қызметкерлері стансаның технологиялық процесімен белгіленген және кеден органымен келісілген мерзімдерде қабылданатын мөртаңбалардың саны мен нөмірлерін, ашық жылжымалы құрамдағы жүктің сақталуын тексеруді бірге жүргізеді. Осы тексеру барысында шекаралық станса қызметкерлерінің анықтаған сай келмеушіліктерінің бәріне жалпы нысандағы актілер (ГУ-23), Жүк тасымалдаудың ережелерімен көзделген жағдайларда коммерциялық актілер жасалынады. Актілердің үлгілері 2 және 3-қосымшаларда келтірілген. Актілерде міндетті түрде тексеруге қатысқан шекаралық кеден органының лауазымды адамының аты-тегі көрсетіледі. Аталған актілердің көшірмелері кеден органдарының талаптары бойынша оларға беріледі.

3.3. Шекаралық кеден органының лауазымды адамы 3.1.-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркейді, әкелінетін жүктерге ұсынылған құжаттарды тексереді және төмендегі шешімдердің бірін қабылдайды:

- а) жүкті толық кедендік ресімдеуді жүргізу туралы;
- б) жүк пен оған құжаттарды алып қою туралы не қосымша тексеру туралы;

в) жіберілген кеден органына жүкті кедендік бақылаумен жөнелту туралы.

3.4. Шекаралық кеден органында жүкті толық-кедендік ресімдеу Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің белгілеген жағдайларында, ішкі кеден органында толық кедендік ресімдеу үшін көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.

3.5. Жүкті шет елге қайтару туралы шешім "Қайтаруға жатады" мөртаңбасымен немесе қайтарудың негізі көрсетіле отырып, темір жол жөнелтпе құжатында жүктің атауы қолмен жазылып расталады. Мөртаңбасы немесе жазу кеден органы лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен куәлендіріледі.

Техникалық, коммерциялық немесе өзге сипаттағы тасымалдаудың шарттарына байланысты қайтару кезінде жалпы нысандағы актілер (ГУ-23) қоса тіркеледі.

3.6. Жүк пен оған құжаттарды алып қою туралы не қосымша тексеру туралы шешім осы шешімге негізі көрсетіле отырып тапсыратын құжаттардағы "Шығаруға тиым салынған" мөртаңбасымен расталады. Мөртаңбасы немесе жазу кеден органы лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен куәлендіріледі. Осы жағдайда станса қызметкерлері жалпы нысандағы актілерді (ГУ-23) жасайды, ал жүк жеткізу мерзімдері кідірілген уақытына ұзартылады, ол жөнінде жөнелтпе құжатының "жеткізу мерзімін ұзарту" бағытында белгі қойылады.

3.7. Жіберілген кеден органына жүкті кедендік бақылаумен жіберу туралы шешім қабылданған жағдайда кеден органының лауазымды адамы осы Уақытша технологияны ескере отырып, жеткізуді Тауарларды кедендік бақылаумен жеткізудің ережелеріне сәйкес ресімдейді. Осындай шешім қабылданған соң кеден органының лауазымды адамы халықаралық темір жол жөнелтпе құжаттарының бірінші парағында, жол ведомосында және ішкі кедендік тасымалдау құжаттарында (бұдан әрі ІКҚ) жөнелту мөртаңбасын (1-қосымша N 4 мөртаңба) қояды.

ІКҚ-ның бір парағы темір жолға беріледі және тасымалдау құжаттарымен бірге жіберіледі.

3.8. Шекаралық кеден органы жүктерді кедендік ресімдеу мен бақылауды (толық кедендік ресімдеуді қоспағанда) тапсыратын шекаралық стансаның технологиялық процесімен белгіленген және кедендік ресімдеу бөлігінде кеден органымен келісілген мерзімдерде жүргізеді.

3.9. Шет елден әкелінген кеден жүктері жалпы пайдаланатын жерлерде орналасқан уақытша сақтау қоймаларында жіберілген стансада орналастырылады.

Аталған қоймалары жоқ кірме жолдарындағы кәсіпорындар кеден органына:

- кеден органының рұқсатынсыз ешқандай операция жасамау;
- жүктердің кірме жолдарына түскен күннен бастап үш сегіз сағаттық ауысым

ішінде немесе кеден органының тәулік бойғы жұмыс тәртібі ішінде жүкті кедендік ресімдеуді аяқтау жөнінде міндеттемелерді ұсыну жағдайында осындай кәсіпорындардың кірме жолдарына орналастыруға жол беріледі.

Аталған шарттарды орындайтын кәсіпорындардың тізімін кеден органдары тиісті темір жол стансаларына жеткізеді.

3.10. Жіберілген стансаға келгеннен кейін станса қызметкерлері бұл жөнінде кеден органы мен жүк алушыны хабардар етуге міндетті.

Кеден органының хабардар ету нысаны мен жүк құжаттарын берудің тәртібін ҚР Кеден комитетінің 95 ж.16.10. N 145-П бұйрығымен бекітілген "Уақытша сақтау (уақытша сақтау қоймалары) туралы" ережелері мен Жүк тасымалдаудың ережелерін ескеріп, станса кен кеден органы бірге жасайды және қабылдайды.

3.11. Кеден органының лауазымды адамы жүктің келгені туралы хабардар етуді алғаннан соң хабардар етуді тіркейді, тасымалдау құжаттары мен ІКҚ-ның парағында "Тауар түсті" мөртаңбасын қояды және тасымалдау құралдарын босату үшін жүктің түсірілуі мүмкін екендігі туралы шешім қабылдайды.

ІКҚ тауарлардың жеткізілуіне бақылау жасайтын бөлімге беріледі.

3.12. Кеден органының талабымен шет елден әкелінген жүктер осы органға нақты (қарау, тексеріс, сынамалар мен үлгілерді ж.т.б. алу үшін) ұсынылады. Кедендік бақылаумен жатқан тауарлардың сынамалары мен үлгілерінің кеден органының жазбаша шешімімен кедендік ресімдеу мен бақылау мақсатында аз мөлшерде алынуы мүмкін. Тасымалдау құралдарын ашу мен жүк тексерісі осы Уақытша технологияның 7-тарауында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3.13. Аумақтарында кеден органдарының құрылымдық бөлімшелері бар темір жол стансаларында, тасымалдау құжаттарын станса қызметкерлері арнайы кітаптарда тапсыру фактісін ресімдеп, кеден органдарының лауазымды адамдарына тікелей тапсырады. Аталған стансаларда тасымалдау құжаттарын кеден органының лауазымды адамына бергенге дейін оларды жүк алушыға беруге тыйым салынады.

Кеден органының лауазымды адамы ұсынылған құжаттарды тексереді және белгіленген тәртіппен кедендік ресімдеуді жүргізеді. Кедендік ресімдеудің нәтижелері бойынша халықаралық темір жол жөнелтпе құжаттары мен жол ведомосының жіберілген стансаға арналған тиісті бағанында себептері көрсетіліп, "Шығаруға рұқсат" немесе "Шығаруға тиым салынған" мөртаңбасы қойылады және құжаттар станса қызметкерлеріне қайтарылады.

3.14. Құрылымдық бөлімшелері жоқ темір жол стансаларында, байланыстың темір жол құралдарын пайдаланып, станса қызметкерлері кеден органдарының құрылымдық бөлімшелері мен жүк алушыларды жүктің келгені туралы хабардар етеді.

Стансаның хабардар етуін алған соң жүк алушы кеден органына қажетті

құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы тиіс.

Мұндай жағдайда кедендік ресімдеуді жүргізу үшін тасымалдау құжаттарын станса қызметкерлері құжаттарды алған күні мен уақыты және жүк алушының тасымалдау құжаттарын кеден органының құрылымдық бөлімшесіне ұсыну, кейіннен тауар кеңсесіне қайтару жөніндегі міндеттемесі көрсетілетін қолхат арқылы жүк алушыға береді.

Кедендік ресімдеуден соң жүк алушының тасымалдау құжаттарын қайтарған кезінде тауар кеңсесінің қызметкері:

- халықаралық темір жол жөнелтпе құжаттарының тиісті бағанында кеден органы қызметкерінің жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілген қолы қойылғандығын, кеден органының "Шығаруға рұқсат" мөртаңбасының бар екендігін тексеруі;

- жөнелтпе құжаттарындағы кеден органының қойған мөрлері мен мөртаңбаларын қызметі аймағында темір жол стансасы орналасқан кеден органының тауар кеңсесіне бұрын ұсынған үлгілерімен салыстыруы тиіс. Айырмашылықтар бар болса, кеден органын хабардар етуі және жүктерді бермеуі қажет.

3.15. Уақытша сақтау қоймаларынан жүктерді беруге немесе кедендік ресімдеу аяқталғанға дейін (кеден органының тасымалдау құжаттарында "Шығаруға рұқсат" мөртаңбасын қойғанына дейін) кірме жолдарына бергеннен соң оларды иемденуге тыйым салынады.

3.16. Тасымалдау құралдарының тұрып қалуына және белгіленген мерзімдерде жүк сақтауға байланысты туындаған темір жол шығындарын кеден органының жүкті шығару туралы шешімді қабылдағанына дейін жүк иесі өтейді.

#### **4. Жүктерді Қазақстан Республикасынан тысқары әкету кезіндегі кедендік ресімдеудің тәртібі**

4.1. Жүктерді Қазақстан Республикасынан тысқары әкетуге олардың кедендік ресімдеуі аяқталған соң рұқсат етіледі.

4.2. Жүктерді темір жолмен тасымалдауға тапсырғанға дейін жүк жөнелтуші жүк тиеудің жоспарланған күніне дейін алдын ала кеден органына:

- кедендік бақылаудың мақсатында жөнелтпе немесе жол ведомосының қосымша данасы қоса тіркелген, олардың Тасымалдау ережелеріне (темір жол жөнелтпе құжаты мен вагондардың нөмірлері көрсетілмей) сәйкес жасаған жүкті шет елге шығару ниеті туралы хабардар ету ретінде тасымалдау құжаттары;

- меншіктілік құқығы немесе осы тауарды немесе мүлікті иемдену құқығы тиісті түрде анықталған келісім-шарт;

- тауар лицензиялауға жататын болса, өткізудің негізі;  
- өзге мемлекеттік органдардың бақылауына жататын болса, осы органдардың рұқсаттары;

- Қазақстан Республикасы заңдарымен көзделген өзге де құжаттар сияқты құжаттарды ұсынуы қажет.

#### 4.3. Кеден органының лауазымды адамы:

- тасымалдау құжаттарын (хабардар етуді) кеден органының белгілеген тәртібімен тіркейді;

- ұсынылған құжаттарды тексереді;

- жүктің түсірілуі мүмкін екендігі туралы шешім қабылдайды;

- оңды шешілсе, жөнелтпе құжат немесе жол ведомосының бірінші парағында тікелей жүк атауының астында "Тиеуге рұқсат" (N 1-қосымша N 3 мөртаңба) мөртаңбасын қояды немесе осындай жазуды қолымен жазады және өзінің жеке нөмірлік мөрімен куәлендіреді;

- жөнелтпе құжат немесе жол ведомосының қосымша данасында жоғарғы сол жақ бұрышында "Кеден үшін дана" белгісін қояды;

- түпкілікті кедендік ресімдеудің уақытын белгілейді.

Кедендік ресімдеу кезінде жүктің болатын жері уақытша сақтау қоймасы немесе кәсіпорынның кірме жолдары болуы мүмкін.

Кеден органының лауазымды адамы жүкті тиеуге Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығымен, Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің қалыпты актілерімен көзделген негіздер бар болса, бұдан бас тарта алады.

4.4. "Тиеуге рұқсат" мөртаңбасының негізінде темір жол қызметкерлері белгіленген тәртіппен жөнелтпе құжаттарына бұрыштама соғады және жүк тиеу үшін тасымалдау құралдарын бөледі. (Тиеуге жеке вагон талап етілмейтін ұсақ жөнелтілімдер тасымалдау үшін тек кеден органының рұқсаты бар болса ғана қойылады).

4.5. Тасымалдау құралына жүк тиелген соң жүк жөнелтуші кеден органына кедендік жүк декларациясын, кедендік ресімдеу мен бақылау үшін қажетті барлық өзге де құжаттарды ұсынады.

4.6. Кеден органының лауазымды адамдары жүкті кедендік ресімдеуді белгіленген мерзімдерде жүргізеді және шет елге шығару туралы шешім қабылдайды. Кеден органының шешімі халықаралық темір жол жөнелтпе құжатының "Кеден белгілері" бағанында және жөнелту жолы үшін арналған жол ведомосының қосымша данасында, ал ішкі қатынас құжаттарында темір жол жөнелтпе құжатының төртінші бағанында "Шығаруға рұқсат" мөртаңбасымен куәлендіріледі. Осы құжаттардың жоғарғы оң жақ бұрышында кедендік жүк декларациясының нөмірі көрсетіледі. Аталған мөртаңбалар мен жазу кеден

органы лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен куәлендіріледі.

Жүктерді өткізу пункттеріне жіберетін жағдайда кеден органы шекарада кедендік бақылаумен (белгілі бір кеден режимдері аяқталған соң) кедендік бақылаумен тауарларды жеткізуді осы Уақытша технологияның 3.7.-тармағына с ә й к е с р е с і м д е й д і .

4.7. Кеден органдарының мөртаңбаларымен бірге тасымалдау құжаттары, кедендік жүк декларациясының төртінші парағы, қажет жағдайда ішкі транзиттік құжат Жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес жүктерді тасымалдауға қабылдау үшін темір жол стансасына беріледі.

Кеден органына жөнелтілім нөмірі туралы мәліметтерді декларант жүкті темір жолдың қабылданғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Кеден үшін тасымалдау құжатының қосымша данасы мен кедендік жүк декларациясының бірінші парағы кеден органының іс қағаздарында қалады.

4.8. Тасымалдау құжаттарында кеден органының мөртаңбаларынсыз, кеден органының шекарадағы өткізу пункттерінде осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген белгісіз кедендік ресімдеу туралы шешім қабылдаған жағдайында стансалардан жүктерді жөнелтуге тыйым салынады.

Кеден органының өткізу пунктінде жүктерді кедендік ресімдеу туралы шешімі халықаралық темір жол жөнелтпе құжатының "Кеден белгілері" бағанында "Кедендік ресімдеу"... кеденінде жүргізіледі" көрсетіледі және кеден органы лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен куәлендіріледі.

Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тысқары тасымалдануға қабылданған жүктер мен оларға құжаттар шекарадағы өткізу пунктіне жеткізуге ж а т а д ы .

Қазақстан Республикасында кеден органының тысқары жерлерге әкету үшін ресімдеген жүктерін қалдыруға Қазақстан Республикасынан жүкті тысқары әкету үшін ресімдеген кеден органына хабардар ете отырып, қызметі аймағында жүк орналасқан кеден органының шешімі бойынша ғана рұқсат етіледі. Осындай рұқсатты алғанға дейін жүктер уақытша сақтау қоймаларында сақталынуы тиіс.

4.9. Шекаралық стансаға жүк келгеннен кейін осы станса қызметкерлері кеден органына кедендік жүк декларациясының төртінші парағын, тапсыру ведомосының екі данасын, сонымен қатар әкетілетін жүкке тасымалдау және тауар алып жүру құжаттарын беруге міндетті.

4.10. Кеден органының лауазымды адамы тапсыру ведомосының екі данасының (нақты парағының) жоғарғы оң жақ бұрышында үлгісі N 1-қосымшада (N 5 мөртаңба) келтірілген мөртаңбаны қояды.

4.11. Кеден органының лауазымды адамы кеден және тасымалдау құжаттары тексерілген соң жүкті шекара арқылы өткізу жөнінде түпкілікті шешімді

кабылдайды. Мұндай шешім қабылданғаннан кейін тапсыру ведомосының екі данасында "Шығаруға рұқсат" мөртаңбасы қойылып, кеден органы лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен куәлендіріледі.

4.12. Шекаралық кеден органының жүктерді кедендік ресімдеуі мен бақылауы (толық ресімдеу жағдайларын қоспағанда) тапсыратын шекаралық стансаның технологиялық процесімен белгіленген және кедендік ресімдеу бөлігінде кеден органымен келісілген мерзімдерде жүргізеді.

4.13. Шекаралық стансаға осы Уақытша технология бұзыла отырып қабылданған жүктер немесе өздеріне қатысты қосымша талқылау қажет болатын жүктер түскен жағдайда шекаралық кеден органының лауазымды адамы тасымалдау құжаттарында "Шығаруға рұқсат" мөртаңбасын қояды және осындай шешімнің негіздемесін көрсетеді. Көрсетілген белгілерді кеден органының лауазымды адамы куәлендіреді, ал құжаттар станса қызметкерлеріне қайтарылады. Бұл ретте станса қызметкерлері жалпы нысандағы актілерді (ГУ-23 ) ж а с а й д ы .

Мақсатына қарай мұндай жүкті жеткізу мерзімі кедендік ресімдеуді аяқтау мен жүкті шығару туралы шешім қабылдауға қажетті уақытқа ұзартылады. Мұндай жағдайда темір жолдың көлік құралдарының тұрып қалуына, сондай-ақ уақытша сақтау қоймаларын пайдалануға байланысты шығындар жүк ж ө н е л т у ш і д е н ө т е л е д і .

Жүк кідірілген кезде құжаттарды, мәліметтер мен қосымша ақпараттарды тексеру мүмкіндігінше қысқа мерзімдерде, алайда кідірілген күннен он күн к е ш і к т і р і л м е й а я қ т а л у ы т и і с .

Ішкі кеден органына сұрау салу тексеруге жататын қосымша мәліметтер мен ақпараттар анықталған соң тез арада жіберіледі.

Ішкі кеден органдары шекаралық кеден органына тексеру үшін қажетті күллі ақпараттарды сұрау салынғаннан кейінгі үш күн ішінде жіберуге міндетті.

4.14. Ақпараттармен жедел алмасу үшін темір жолдар кеден органына ведомостық телеграф және телефон байланысын қолдану құқығын береді. Бұл ретте станса бастығы мен кеден органының бастығы жеделхаттарға қол қояды.

4.15. Жүкті шет елге шығару туралы шешім қабылданған соң тасымалдау және тауар алып жүру құжаттары шекаралық станса қызметкерлеріне қ а й т а р ы л а д ы :

Кеден органының іс қағаздарында тапсыру ведомосының көшірмесі мен жүкпен бірге келген кедендік жүк декларациясының төртінші парағы (бұдан әрі К Ж Д ) қ а л а д ы .

Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 95 ж.19.09. N 112-П Бұйрығымен бекітілген Ішкі кедендік транзиттің тәртібі туралы ережеге сәйкес жөнелтуші кеден органының қол қойған жүк құжаттарында белгі бар болса, КЖД-ның

төртінші парағынсыз экспорттық жүктерді кедендік ресімдеуге жол беріледі. Бұл ретте шекаралық кеден органының ресімдейтін, Қазақстан Республикасынан тауарлардың нақты әкетілетіні туралы журналдар мен деректерде КЖД нөмірі көрсетілген соң "жоқ" деген белгі салынады.

## **5. Транзиттік жүктерді кедендік ресімдеудің тәртібі**

5.1. Транзиттік жүктерді кедендік ресімдеу шекаралық стансаның тиісті кеден органын Қазақстан Республикасы кеден аумағына осындай жүктерді әкелу туралы хабардар еткенінен соң басталады. Транзиттік жүктерді кедендік ресімдеу Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін жүктер үшін белгіленген тәртіппен (осы Уақытша технологияның 3-тарауы) жүргізіледі.

5.2. Транзиттік жүктерді тасымалдау кедендік бақылаумен шекаралық әкелу пунктінен шекаралық әкету пунктіне дейін жүзеге асырылады.

5.3. Транзиттік жүктер әкелу кеден органында Қазақстан Республикасы аумағына декларациялауға жатады.

Декларациялауды темір жол, жүк экспедиторы немесе кеден делдалы жүзеге асыра алады. Транзиттік жүктер үшін кедендік құнның 0,2%-і мөлшерінде а л ы м д а р а л ы н а д ы . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 5.3.-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кеден комитетінің 1998.02.04. N 34, Көлік және коммуникация министрлігінің 1998.02.04. N 24 V 9 8 0 0 9 1 \_ б ұ й р ы ғ ы м е н .**

5.4. Кедендік ресімдеуінің аяқталуы мүмкін емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағы арқылы өткізілуі мүмкін емес жүктерді тасымалдау ережелері бұзылған жағдайдағы транзиттік жүктер тапсыратын шекаралық стансаның технологиялық процесімен белгіленген мерзімде шет елге қайтаруға ж а т а д ы .

5.5. Кеден органының лауазымды адамы транзиттік жүктерді тасымалдаудың мүмкіндігі туралы шешім қабылдаған соң транзиттік декларацияның барлық даналарында жөнелту мөртаңбасын қояды. Шығаратын шекаралық стансада алынып қалынатын жөнелтпе құжатында және жол ведомосының қосымша данасында 1-Қосымшаға сәйкес N 4 мөртаңбасы қойылады.

Транзиттік жүктердің тасымалдауына бақылау Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің қалыпты актілерімен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

5.6. Транзиттік жүкті кеден органдары тасылатын жүктің транзиттелуіне немесе Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінуіне тыйым салынған деуге жеткілікті негіздер бар болса, өткізу сапары жолдарындағы кез келген пунктте т е к с е р і л у і м ү м к і н .

Мұндай жүктерді тексеру кеден органы бастығының немесе оның орынбасарының рұқсатымен станса қызметкерінің қатысып отыруымен жүргізіледі. Транзиттік жүкті тексеру кезінде қорғасын жөнелтушінің (темір жолдың) мөртаңбасы алынатын жағдайда кеден органы тексеру актісін жасайды, темір жол вагонды (контейнерді) ашу туралы актіні жасайды. Жаңа қорғасын мөртаңбаларын салуды темір жол қызметкерінің қатысып отыруымен кеден органдарының қызметкерлері жүргізеді. Жөнелтушінің немесе жөнелтуші стансаның қорғасын мөртаңбаларына кеден органдарының түздік қорғасын мөртаңбалары мен темір жолдардың кедендік бақылауды жүргізу кезінде салған қорғасын мөртаңбалары теңеледі.

Жүктерді тексеру мен ашу актісін жасаудың тәртібі осы Уақытша технологияның 3.2.-тармағында көрсетілген.

5.7. Қазақстан жүктерін шет мемлекеттердің аумағы арқылы транзиттеу кезінде Қазақстан Республикасы аумағына жүк жеткізуге бақылау Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің белгілеген тәртібімен жүзеге асырылады.

5.8. Шет мемлекеттің аумағы арқылы транзитпен тасылатын жүк Қазақстан Республикасы заңдары бойынша шет мемлекеттің органдарының немесе лауазымды адамдарының заңға қайшы әрекеттерінің салдарынан иеліктен шығып кеткен болса, темір жол кеден органына оны кеден төлемдері мен салықтарын төлеу үшін жауапкершіліктен босатуға негіз болатын, шет мемлекеттің темір жолдарына беру фактісін растайтын құжатты кеден органына ұсынуға міндетті.

## **6. Жүктерді өзге мекен-жаймен жіберу кезіндегі кедендік ресімдеудің тәртібі**

6.1. Жіберілген станса немесе кеден жүгін шығаруды (өзге мекен-жаймен жіберуді) өзгертудің қандай болса да темір жол қызметі аймағында өзге мекен-жаймен жіберуді талап ететін жүк жатқан кеден органының жазбаша рұқсатымен Жүк тасымалдаудың ережелерімен және басқа да қалыпты құқықтық актілермен және Халықаралық келісімдермен белгіленген тәртіппен жүргізеді.

6.2. Темір жол белгіленген қалыпты құқықтық актілерге және Халықаралық келісімдерге сәйкес жүк иесінен жүкті өзге мекен-жаймен жіберу туралы өтінішті қабылдайды.

6.3. Өзге мекен-жаймен жіберу туралы шешім темір жолдың тиісті лауазымды адамының бұйрығымен ресімделеді, онда өзге мекен-жаймен жіберудің кеденнің рұқсатының бар болуымен мүмкін екендігі көрсетіледі. Өзге мекен-жаймен жіберу туралы бұйрық жүк жатқан стансаға белгіленген тәртіппен беріледі. Станса қызметкерлері темір жолдың өзге мекен-жаймен жіберу туралы бұйрығымен темір жолдың тиісті лауазымды адамының бұйрығының негізінде

жүкпен келген құжаттарды қайта ресімдеуді жүргізеді және қызметі аймағында станса орналасқан кеден органына жүктердің қайта кедендік ресімдеуден өтуі керек екені туралы хабарлайды.

Өзге мекен-жаймен жіберу стансасында кеден органы жүкті ресімдесе және еркін айналымға шығарса, онда өзге мекен-жаймен жіберуге қосымша рұқсаттар т а л а п е т і л м е й д і .

6.4. Өзге мекен-жаймен жіберуді ресімдеу үшін жүк иесі 6.1-тармағында көрсетілген кеден органына жүкті жаңа жіберілген стансаның мекен-жайына жіберу туралы өтінішті ұсынуға міндетті.

Кеден органы өзге мекен-жаймен жіберуге:

- жаңа жіберілген орында кеден органы бар болса;
- банк кепілдемесі немесе ақша депозиті нысанындағы кеден төлемдерін төлеу - жүктерді кедендік бақылаумен тасымалдауды жүзеге асыруды қамтамасыз еткен жағдайда рұқсат береді.

6.5. Кеден органының лауазымды адамдары жүкті қайта ресімдеу кезінде төмендегідей операцияларды жүргізеді:

- жөнелтуші немесе жіберілген кеден органына жүктің ұсынылғаны және оның басқа кеден органының мекен-жайына жіберілгені туралы хабарлайды;
- жөнелтуші кеден органының (шекаралық кеден органының) ІКҚ-дағы жөнелтетін мөртаңбасын жоққа шығарады және жаңа мөртаңбаны қояды;
- жаңа кеден органына дейін жүктің кедендік бақылаумен жеткізілуіне б а қ ы л а у ж а с а й д ы .

6.6. Жалғыз жөнелтпе құжатымен тасылатын жеке вагондарды бағытынан немесе тобынан өзге мекен-жаймен жіберуге жол берілмейді.

6.7. Одан әрі тасымалдау кезінде кедергілер (жүктерді шектес темір жолдарға, порттарға беру) пайда болса, осы кеден органының Қазақстаннан тысқары жүкті шығаруға рұқсат беретін, кеден органының лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен және қолымен куәлендірілетін кедендік мөртаңбалары мен белгілерінің күшін жою жолымен қызметі аймағында жүк жатқан кеден органының арнайы рұқсатымен жүктерді экспорттан алып тастау жүргізіледі. Бұл ретте жүкті экспорттан алып тастаған кеден органы бұл жөнінде жөнелтуші кеден органына х а б а р л а й д ы .

6.8. Кеден органдары мен темір жолдың Жүктерді өзге мекен-жаймен жіберуді кедендік ресімдеуге байланысты жағдаяттардың салдарынан пайда болған қосымша шығындарын жүк иесі көтереді.

6.9. Шет мемлекеттердің аумағы арқылы тарнзитпен Қазақстан Республикасының кеден органдары арасында тасылатын және қазақстандық жүк иелерге қарасты кедендік жүктерді Қазақстан Республикасы кеден органдарының рұқсатынсыз шет мемлекеттің аумағының мекен-жайына жіберуге болмайды.

6.10. Жүктерді бір көлік құралынан екінші көлік құралына қайта тиеу қызметі аймағында қайта тиеу жүргізілетін кеден органының кедендік бақылауымен жүзеге асырылады. Қайта тиеу мен бақылаудың тәртібі кеден органы мен темір жолдың бірлескен технологияларымен анықталады. Жүктерді қайта тиеу кезінде бақылауды жүргізетін кеден органының лауазымды адамы КЖД-ге немесе ІКҚ-ға тиісті өзгерістер енгізеді және жеке нөмірлік мөрімен куәлендіреді.

## **7. Жүктердің кедендік тексерісін өткізудің тәртібі ұқсастандыру құралдарын салу мен алу, ашу акт ісі**

7.1. Кеден органдары Қазақстан Республикасы кеден аумағына арқылы өткізілетін тасымалдау құралдары мен жүктерді іріктеп кедендік тексерістер өткізеді. Кедендік тексеріс тауарларды ұқсастандыру құралдарын салу мен алу, ашу акт ісі ұқсастандыру және КЖД-да мәлімделінген тауарларды анықтау мақсатында тасымалдау құралдары мен жеке жүк орындарындағы орамаларды ашу жолымен өткізіледі.

7.2. Тауарларды тексерістен өткізу туралы шешімді кеден органы Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің белгілеген тәртібімен қабылдайды.

7.3. Темір жолдар кеден органдарына кедендік тексерістен өткізу ісінде жәрдемдеседі.

7.4. Кеден органының кедендік заңдардың бұзылғандығы бар деуге жеткілікті негіздері бар болса, қайта кедендік тексерістен өткізуді кез келген уақытта және бұрын орын алған кедендік бақылауға қарамастан жүргізуге жол беріледі.

Қайта кедендік тексерістен өткізу туралы шешімді кеден органының бастығы немесе оның орынбасары қабылдайды.

7.5. Жүктер (тасымалдануына Жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес қорғасын мөртаңбасын салмай-ақ жол берілетін жүктердің тізімін қоспағанда, сондай-ақ ашық жылжымалы құрамда) жүк жөнелтушілердің, темір жолдардың немесе кеден органының қорғасын мөртаңбаларына кедендік бақылаумен тасымалданады.

7.6. Жүктерді кедендік бақылаумен тасымалдау кезінде салынған қорғасын мөртаңбаларын кеден органдарының лауазымды адамдары ғана ала алады, жүктердің жойылуының, із-түссіз жоғалуының немесе айтарлықтай бүлінуінің нақты қаупі бар жағдайларын қоспағанда кедендік ресімдеуден соң жүк иелері немесе темір жолдар ала алады.

7.7. Салынған қорғасын мөртаңбалары туралы кеден органы тасымалдау құжаттарында N 4 жөнелту мөртаңбасында (1-қосымша) белгі жасайды.

7.8. Кедендік тексерістен өткізу үшін қорғасын мөртаңбаларын және тасымалдау құралдары мен жеке жүк орындарындағы орамаларды ашу кезінде

кеден органдарының лауазымды адамдары станса қызметкерлерінің қатысып отыруымен кедендік тексерістен өткізу актісін (Кедендік тексерістен өткізу актісін ырықты нысанда жасайды) жасайды.

Кедендік тексерістен өткізу актісінде жазылған тексерістің нәтижелері м і н д е т т і тү р д е :

- тауарлардың нақты сипатын;
- тауарлардың шыққан елін айқындайтын, осы тауарларға немесе олардың орамаларына салынған таңбалаудың сипатын;
- тауарлардың сандық сипаттамаларын (қосымша бірлік мөлшерлеріндегі тауарлардың салмағын, орын санын, мөлшерін ж.т.б.) қамтуы қажет. Дәл мәліметтерді көрсету мүмкін болмайтын жағдайда бұл мәліметтер шамамен к ө р с е т і л е д і .

- тексеріске тапсырмамен белгіленген өзге де мәліметтерді қамтуы қажет.

Кедендік тексерісті кедендік ресімдеу мен бақылау бөлімінің бастықтарының немесе олардың өкілеттігімен кеден органдары лауазымды адамдарының беретін жазбаша тапсырмаларының негізінде кеден органының арнайы тағайындалған лауазымды адамдары жүргізеді.

Кедендік тексерістен өткізу актісі 3 данадан тұрады және төмендегіше т а р а т ы л а д ы :

- актінің бірінші данасы кедендік тексерістен өткізуді жүргізген кеден органының іс-қағаздарында қалады;
- екінші данасы стансаның іс-қағаздарына беріледі;
- үшінші данасы тасымалдау құжаттарына қоса тіркеледі және жіберілген с т а н с а ға ж ө н е л т і л е д і .

Тасымалдау құралдарына жаңа қорғасын мөртаңбалары салуды кеден органы жүргізеді. Жаңа қорғасын мөртаңбалары туралы ақпаратты кеден органы осы Уақытша технологияның 7.7-тармағында көзделген тәртіппен көрсетеді.

7.9. Шекаралық бақылау мен кедендік тексерістен өткізу және гигиеналық, фитопатологиялық және басқа да тексерулерді жүргізу мақсатында темір жол стансаларында вагондарды, контейнерлерді, автомашиналарды, тракторлар мен өзге де өздігінен жүретін машиналарды ашу актісімен ресімделеді.

Ашу актісі 3 данада жасалады. Вагоннан, контейнерден т.б. алынған қорғасын мөртаңбалармен бірге бір данасы акті жасаған стансада қалады, екіншісі шекаралық жол басқармасына жіберіледі, үшінші данасы жөнелтпе құжатына қоса тіркеледі және жүкпен бірге алушыға беру үшін жіберілген с т а н с а ға ж ө н е л т і л е д і .

Акт жасаған станса бұдан басқа жөнелтпе құжатының "Темір жолдың белгілері" бағанына ашу актісін жасау туралы белгіні енгізуі қажет. Белгіні станса қызметкері қолымен және стансаның күнтізбелік штемпелін салумен

к у ә л е н д і р е д і .

Вагонды, контейнерді ж.т.б. ашу актісіне ашу жүргізілген темір жол стансасының қызметкерлері, шекаралық органдардың, кеден органының немесе карантиндік және басқа да органдардың өкілдері қол қояды және ол стансаның күнтізбелік штемпелімен куәлендіріледі.

Алынған және жаңадан салынған қорғасын мөртаңбалары туралы мәліметтер актінің тиісті бағандарына жазылады.

Шекаралық және кедендік бақылау және басқа да тексерулерді жүргізу мақсатында салынған кеден органдары мен темір жолдың түзік мөртаңбалары жөнелтушінің немесе жөнелтуші стансаның мөртаңбаларына теңеледі.

7.10. Алушыға жүкті беру кедендік тексерістен өткізу актісінің мазмұны ескеріліп, белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

## **8. Авария немесе тежеусіз күш әрекеті жағдайындағы бақылау**

8.1. Жылжымалы құрамның бұзылғандығынан (авария немесе тежеусіз күш әрекетінің салдарынан, техникалық себептерден) кедендік бақылаумен жүк тасымалдау кезінде одан әрі тасымалдау құралын пайдалану мүмкін болмаса, жүктерді темір жол қайта тиейді және Жүк тасымалдаудың ережелеріне сәйкес құжаттарды ресімдейді. Бұл ретте кедендік бақылау мақсатында Қазақстан Республикасынан жүкті әкету кезінде жіберілген кеден органы немесе шекаралық кеден органы үшін жалпы нысандағы актінің қосымша данасын тасымалдау құжаттарына қоса тіркейді.

8.2. Тез бүлінетін жүктерді одан әрі тасымалдау мүмкін болмаса, темір жол жүктің бүлінуіне жол бермеу үшін шаралар қолданады және бұл жөнінде жақын жердегі кеден органын хабардар етеді. Кеден органы Жүк тасымалдаудың ережелерімен белгіленген сақтау мерзімдері ішінде аталған жүктерді кедендік ресімдеу үшін шаралар қолданады.

8.3. Нәтижесінде табиғи ортаға, адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірудің нақты мүмкін екендігінен қауіпті жүктерді одан әрі тасымалдау мүмкін болмаса, темір жол мұндай жүктерге өз бетінше иелік етіп, одан кейін жақын жердегі кеден органын хабардар етеді.

Аталған жүктерді кедендік ресімдеу тауарды алып жүру құжаттарының негізінде жүргізіледі. Тауарларды әкелу кезінде төлеуге жататын кеден баждары мен салықтарын темір жол оларды өткеруден түсетін сомалардан төлейді. Кеден баждары мен салықтарын алу кезінде ТС-14 нысанындағы тексеріс қолы жазылып беріледі. 4-қосымша.

## **9. Вагондарды ажырату жағдайындағы бақылау мен қателікпен жіберілген жүктерді қайтарудың тәртібі**

9.1. Бір темір жол жөнелтпе құжаты бойынша бара жатқан бір немесе бірнеше вагондарды жолда ажырату жағдайында (жылжымалы құрамның бұзылғандығы, белгіленген салмақ нормасынан асып кетуі ж.т.б.) жалпы нысандағы актіні (ГУ-23) жасауға, сондай-ақ жүк мақсатына қарай жөнелтілетін болса, станса салынғанға дейінгі жол ведомосын жасауға міндетті. Актінің бір данасы негізгі тасымалдау құжаттарына, біреуі салынғанға дейінгі жол ведомосына қоса тіркеледі және біреуі стансаның іс қағаздарында қалады. Аталған актіні жасау кезінде станса оған темір жол жөнелтпе құжатындағы барлық кедендік белгілерді ауыстырып жазады. Негізгі жөнелтпе құжаты мен жол ведомосында вагондарды ажырату туралы белгі жасалынып, акті мен салынғанға дейінгі жол ведомосының нөмірі көрсетіледі.

Жөнелту бағыттары бойынша Қазақстан Республикасынан вагондардың тысқары бара жатуы кезінде шектес елдермен тапсыру стансаларында вагонның нөмірі, негізгі жөнелтілімнің нөмірі, салынғанға дейінгі жол ведомосының нөмірі, жалпы нысандағы актілердің нөмірлері міндетті түрде көрсетіліп, жөнелтпе құжаты мен жол ведомосындағы белгілердің, сондай-ақ жөнелтпе құжатындағы кеден органдарының белгілерінің негізінде негізгі тасымалдау құжатымен келмеген вагондардың арнайы есебін жүргізеді. Жалпы нысандағы актілердің деректерімен тексерілген, салынғанға дейінгі жол ведомосына қоса тіркелген осы деректердің негізінде жүктерді Қазақстан Республикасынан тысқары шығару кеден органдарының шешімімен жүзеге асырылады.

Салынғанға дейінгі құжатта ажырату стансасының алғаш жасаған жалпы нысандағы актісі жоқ болған жағдайда немесе осы актіде кеден органдарының белгілері туралы мәліметтер жоқ болған жағдайда шекаралық тапсыратын станса мұндай салынғанға дейінгі құжатқа өзінің жалпы нысандағы актісін жасайды, оған бұрынғы негізгі құжаттағы жазуларды көшіріп жазады және мақсатына қарай жүкті одан әрі жөнелту туралы шешім қабылдау үшін барлық құжаттарды кеден органдарына жібереді.

9.2. Темір жолдың жүкке құжаттардың жоқ екенін және темір жолдың іздестіруі барысында оның иесі шет елдік жүк алушы екенін анықтаған жағдайында темір жол:

- аймағында жүк жатқан кеден органына жүктің иесі туралы хабарлайды;
- жүктің иесін растайтын іздестіру хатын, стансаның коммерциялық актісінің көшірмесін және жүк жөнелту туралы өтінішін кеден органына ұсынады.

Осы материалдардың негізінде кеден органына жүкті мақсатына қарай

жөнелту туралы шешім қабылдайды, шекара арқылы өткізу үшін салынғанға дейінгі жол ведомостарында барлық қажетті белгілерді қояды.

Алушының жүк алудан бас тартқан немесе жүк алушының жоқ болған кезінде, сондай-ақ кедендік бақылаумен жатқан жүктің иесі анықталмаған жағдайда мұндай жүк уақытша сақтау қоймаларына мерзімі екі айдан асырылмай орналастырылады. Осы мерзім өткеннен кейін жүк әкетілмесе немесе басқа кеден режиміне мәлімделінбесе, кеден органдары Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығына сәйкес кеден ережелері бұзылғандығы жөнінде іс қозғайды және материалдарды шешім шығару үшін сот органына береді, сонымен бір мезгілде бұл жөнінде темір жолға хабарлайды.

Темір жолдың шығындары жүк өткеруден түскен қаржы есебінен өтеледі.

9.3. Қателікпен жіберілген жүктерді қайтару кеден органының стансаның жазбаша қайырылуы негізінде қабылдайтын шешімімен жүргізіледі. Стансаның жазбаша қайырылуында тасымалдау құралдарының нөмірлері мен жүк атауы көрсетілуі тиіс.

## **10. Заттай айғақтар болып табылатын жүктерді сақтау**

10.1. Заттай айғақтар ретінде ұсталған жүктер контрабанда немесе кеден ережелері бұзылғандығы жөнінде іс қозғалған соң дереу тасымалдау құралдарынан түсірілуге және иелері кеден органдары болып табылатын уақытша сақтау қоймаларына орналастыруға жатады.

Кеден органының уақытша сақтау қоймасы жоқ болатын жағдайда осындай тауарлардың темір жол құрған уақытша сақтау қоймаларында немесе өзге жерлерде кедендік бақылаумен сақталынуы мүмкін.

Бұл ретте темір жолдың заттай айғақтарды тасымалдауға, оларды тиеуге, сақтауға, көлік құралдарының тұрып қалуына байланысты шығындары кеден ережелері бұзылғандығы жөнінде істерге қосылады және кеден ережелері бұзылғандығы жөнінде өзіне қатысты қаулы шығарылған адамнан осы сомалар алынғаннан кейін шығындарды кеден органы темір жолға өтейді.

10.2. Заттай айғақтарды алу кезінде кеден органының лауазымды адамы темір жолға жүкті алып қою (тәркілеу) туралы қаулыны ұсынады және жол ведомосында жүкті алып қою туралы қол қояды.

## **11. Жауапкершілік**

11.1. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы тауарлар мен тасымалдау құралдарын өткізетін темір жолдар, басқа да адамдар Қазақстан

Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығына сәйкес кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікте б о л а д ы .

11.2. Кеден органдарының лауазымды адамдары кеден ережелері бұзылған сәтте олардың қызметтік міндеттеріне Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге актілерімен және Қазақстан Республикасының бақылауы кеден органдарына жүктелген халықаралық шарттармен белгіленген талаптардың орындалуы кірген болса, қолданылып жүрген заңдармен көзделген, кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікте болады.

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация  
министрлігі темір жол  
транспорты департаментінің  
директоры

Қазақстан Республикасы  
Кеден комитеті  
Кедендік бақылауды  
ұйымдастыру басқарамасының

Приложение N 1

1 . Таможенный комитет  
Республики Казахстан  
\* \* \*  
ВЫПУСК РАЗРЕШЕН  
Инспектор \_\_\_\_\_

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19 \_\_\_\_ г.

2 . Таможенный комитет  
Республики Казахстан  
\* \* \*  
ВЫПУСК ЗАПРЕЩЕН  
Инспектор \_\_\_\_\_

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19 \_\_\_\_ г.

3 . Таможенный комитет  
Республики Казахстан  
\* \* \*  
ПОГРУЗКА РАЗРЕШЕНА  
Инспектор \_\_\_\_\_

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19 \_\_\_\_ г.

4 . Таможенный комитет  
Республики Казахстан  
\* \* \*

Товар под таможенным контролем

в количестве \_\_\_\_\_ мест  
за пломбами \_\_\_\_\_  
на транспортном средстве  
\_\_\_\_\_ подлежат  
грузовых местах  
доставке в \_\_\_\_\_  
до \_\_\_\_\_ 19\_\_ г. ВТД \_\_\_\_\_  
Инспектор \_\_\_\_\_  
"\_\_\_" \_\_\_\_\_ 199\_\_ г.

5. Таможенный комитет  
Республики Казахстан  
\* \* \*

Документы приняты таможенным  
органом в "\_\_\_" ч. "\_\_\_" м.,  
возвращены железнодорожной  
станции в "\_\_\_" ч. "\_\_\_" м.  
Поезд предъявлен к досмотру  
"\_\_\_" ч. "\_\_\_" м.

Инспектор \_\_\_\_\_  
Агент ж/д станции \_\_\_\_\_  
"\_\_\_" \_\_\_\_\_ 199\_\_ г.

6. Герб

Приложение 2  
Форма ГУ-23

Акт общей формы\*

Станция \_\_\_\_\_ ж.д.  
Поезд N \*\* \_\_\_\_\_ на перегоне \_\_\_\_\_  
"\_\_\_" \_\_\_\_\_ 19\_\_ г.

Настоящий акт составлен в присутствии следующих лиц:

\_\_\_\_\_  
(фамилия, должность)  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Станция отправления \_\_\_\_\_ ж.д.  
Станция назначения \_\_\_\_\_ ж.д.  
Отправка N \_\_\_\_\_ от "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 19\_\_ г.

Вагон, контейнер N \_\_\_\_\_ наименование груза

Описание обстоятельств, вызвавших составление акта:

Подписи: \_\_\_\_\_

\*Сноска. По этой форме акты составляются в тех случаях, когда не требуется составлять коммерческий акт или акт другой специальной ф о р м ы .

\*\*Сноска. Заполняется при составлении акта в поезде.

\*\*\*Сноска. Акт подписывают лица, участвующие в удостоверении обстоятельств, послуживших основанием для составления акта, но не менее чем два лица.

П р и л о ж е н и е 3

Форма ГУ-22

КОММЕРЧЕСКИЙ АКТ N \_\_\_\_\_ К акту приложены:  
Составленный " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19\_\_ г. 1. Пломбы:

!-----!  
! ! а) железной дороги \_\_\_\_\_ шт.;  
С !-----! б) отправителя \_\_\_\_\_ шт.;  
(штампель станции) в) таможи \_\_\_\_\_ шт..

2. Копия акта \_\_\_\_\_  
3. Акт о техническом состоянии вагона (контейнера) N \_\_\_\_\_

В дополнение к акту ст. \_\_\_\_\_ ж.д.  
\_\_\_\_\_ лист

N \_\_\_\_\_ от " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19\_\_ г.  
(о чем) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ 5. Вагонный лист ст. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ 6. Пломбы и другие документы  
приложены к акту N \_\_\_\_\_ по  
отправке N \_\_\_\_\_

На отправку \_\_\_\_\_ скорости по накладной N \_\_\_\_\_ от " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19\_\_ г.

б а г . к в и т .

Ст. отправления \_\_\_\_\_ ж.д.

Ст. назначения \_\_\_\_\_ ж.д.

Отправитель \_\_\_\_\_

Получатель \_\_\_\_\_

Раздел А. Сведения о вагоне, пломбах и отметках в накладной

-----  
к о н т е й н е р е

Вагон N \_\_\_\_\_ род \_\_\_\_\_ грузоподъемность \_\_\_\_\_ т. прибыл

-----  
Контейнер \_\_\_\_\_ 19\_\_ г. с поездом N \_\_\_\_\_ в сопровождении \_\_\_\_\_  
за пломбами в количестве \_\_\_\_\_ шт., наложенными:

-----  
! Г д е н а л о ж е н ы  
Оттиски на пломбах !-----  
!с одной!с другой!на люке!на кон-  
!стороны!стороны !цистер-!тейнере  
!вагона !вагона !ны !  
!-----  
! а ! б ! в ! г

-----  
Чьи !железной!Наименование станции! ! ! !  
плом-!дорогой !и дороги ! ! ! !  
бы ! !-----  
! !Контрольные знаки ! ! ! !  
!-----  
!отправи-!Наименование станции! ! ! !  
!теля !и дороги\* ! ! ! !  
! !-----  
! !Наименование отпра- ! ! ! !  
! ! в и т е л я ! ! ! !  
! !-----  
! !Контрольные знаки\* ! ! ! !

-----  
Кроме того, на специальном подвижном составе имелись пломбы  
(где, чьи, с какими оттисками) \_\_\_\_\_

-----  
Имеют ли пломбы следы вскрытия или повреждения \_\_\_\_\_  
Вагон (контейнер) в техническом отношении оказался \_\_\_\_\_  
о чем составлен акт о техническом состоянии N\_\_ от \_\_\_\_\_  
В накладной имеются отметки отправителя о состоянии тары или груза \_\_\_\_\_



---!-----!-----!-----!-----!-----!  
---!-----!-----!-----!-----!-----!  
---!-----!-----!-----!-----!-----!  
---!-----!-----!-----!-----!-----!

ЖИЫНЫ !-----!-----!-----!-----!-----!

ИТОГО !-----!-----!-----!-----!-----!

Тексеріс тізімін құрастырған кеден қызметкері  
Досмотровую роспись составил сотрудник таможни \_\_\_\_\_

қ о л ы - п о д п и с ь

Т е к с е р і с            т і з і м і н            а л д ы м

Досмотровую роспись получил \_\_\_\_\_

қ о л ы - п о д п и с ь